



**ІРІМШІК –  
ОТАНДЫҚ  
ЭКСПОРТТЫ  
ДАМУ ТУРАЛЫ  
НЕГІЗГІ  
ДРАЙВЕРІ**

2-бет



**«КЕДЕРГІСІЗ  
КЕЛЕШЕК»  
ЕРЕКШЕ  
ЖАНДАРҒА  
АРНАЛАДЫ**

6-бет



**БӨГЕТ  
АСТЫНДАҒЫ  
МҮРДЕ**

8-бет

# ЗАН

ZANMEDIA.KZ

# газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№54 (3585) 25 шілде 2023



**Айкүміс БАЙНАЗАРОВА,**  
Жамбыл облысы, Меркі ауданы,  
Сыпатай ауылы, №16 «ЖОББМ-ның»  
педагог-психологы:

## «ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ БАР»

– Психология саласы бойынша жұмыс атқарып жүргеніңізге біраз болды. Осы аралықта жасөспірімдер арасындағы суицид жайлы не айтасыз?

– Суицид себептері оқушылардың арасында көбіне әлеуметтік факторларға тәуелді. Бірақ шешім жолдарына келгенде ата-аналардың бұл мәселеге деген көзқарасы, әрекеті әртүрлі. Әрине көбіне ашық, мәселені тура айтып, мамандар көмегіне жүгінуден именбейтіндер бар. Бірақ «ұят болады» деп, мамандар кеңесін тыңдамай, өзара шешкісі келетіндер де жетерлік. Бұл дұрыс тенденция емес. Суицидке кез келген қиындыққа тап болған оқушы баруы мүмкін. Бірақ біз оқушылармен тікелей жұмыс жасағанның арқасында мәселенің алдын алып отырамыз. Мәселе бойынша ҚР Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғарғы білім, Ішкі істер министрліктерінің, Жамбыл облысы білім басқармасының «Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алу жөніндегі жобаны кезең-кезеңімен енгізу туралы» бірлескен бұйрығын орындау және БҰҰ-ның Қазақстандағы ЮНИСЕФ Балалар қорының қолдауымен әзірленген суицидтің алдын алу ведомствоаралық кешенді бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Жоба барысында біз көлемді жұмыстар атқардық. Оқушылармен тікелей жұмыс жасап, біраз дүниені анықтадық. Бірақ бұл ата-аналар тарапынан қолдау таппады. «Сұрақтар ашық қойылды», «суицид айтуға болмайтын дүние» деп, кері тартқандар да болды. Әрине бұл адамдардың өз ойларына белгілі бір шектеу қоюының әсері болуы мүмкін. Бірақ маман ретінде айтарым, бұл жоба арқылы этап-этаппен дұрыс жұмыс жүргізілсе, оң нәтиже көрсетеді. Өйткені, өзім осы жобамен жұмыс жасап көрдім, эффективтілігі жоғары. Себебі, ашық қойылған сұраққа, оқушы ашық жауап береді. Сұрақтарға жауап беру барысында, мәселелі балалар анықталса, біз келесі кезеңге өтеміз. Келесі кезеңде оқушыны сұхбатқа шақырамыз. Онда да арнайы дайындалған психологиялық сұрақтар бар, сол арқылы баланы толық ашуға мүмкіндік туып, ары қарай кешенді жұмыс жасай аламыз.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ТАЗА ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕН БАСТАЛАДЫ



**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2022 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы жариялады. 2022 жылы 2 ақпанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы мен оны іске асыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспары бекітілген еді. Ол жоспарда қандай мәселелер көтеріліп, қандай жұмыстар атқарылуда?**

МАСЫЛДЫҚТАН АРЫЛ!

## БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ - АДАЛ ЕҢБЕКТЕ

Елдің өркендеуі еңбекқор адамдардың қолында. Сондықтан, халықты еңбекпен қамту, тұрмыстық ахуалын жақсартуда мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралар аз емес. Бұл ретте «Еңбек қоғамына 20 қадам» бағдарламасы, оның аясында түрлі жобалар іске асырылып, Әлеуметтік кодекс қабылданды. Аталған кодекс биылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді.

Әлеуметтік кодексте халықтың әлеуметтік жағдайын қолдауға арналған барлық нормалар қамтылған. Мысалы, онда жұмыс орындарының квоталары және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары, оның ішінде кәсіптік оқыту, кәсіп-

керлік бастамаға жәрдемдесу, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру, т.б. ауқымды нормалар қарастырылған. Ал, 6-тарау жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерге, 11-тарау атаулы әлеуметтік көмек құқығына арналған.

Кодекстің 118-бабына тоқталып өтсек, жұмыссыз қалған адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болған жағдайда заңмен белгіленген мөлшерде әлеуметтік төлем алуға құқылы. Мысалы, міндетті әлеуметтік аударым – алты және он екі ай аралығын құраса бір ай, жиырма төрт ай болса екі ай, алпыс айға дейін жүргізілсе бес ай бойы әлеуметтік төлем беріледі. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының аударымы алпыс және одан да көп ай болған жағдайда төлем мерзімі алты айға ұзартылады. Бірақ, төлем мұндай кезде осы кодекстің 207-бабының 1-тармағына сай тағайындалады.

Бұған қоса республикамызда шағын және орта кәсіпті дамытуға, білім алуға, қаражат тауып, табысты арттыруға мүмкіндік мол, мысалы, жұмыссыз қалғандар халықты жұмыспен қамту орталықтарының көмегі арқылы жұмысқа тұрып, сондай-ақ, білімдерін қайта жетілдіре алады. Мұны айтып отырғанымыз, статистикалық мәліметтер қоғамымызда жұмысқа жарамды 28,2 мың адамның жұмыссыз жүргенін көрсетіп отыр. Бұлар еңбек етуге құлқы жоқ жандар санатында екен.

Осыған орай, ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған дәстүрлі жолдауында «Қоғамда патерналістік көңіл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алуда. Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды жеке мүддесіне пайдаланатындар аз емес. Ондай адамдар кез келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек» деген болатын.

Биылғы жылдың бірінші тоқсанындағы ақпаратқа жүгінсек, еліміз-

де 2,1 млн адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Мемлекетімізде осындай жандар, яғни, «Қолыма жұмыс бергенің – жаныма тыныс бергенің» ұстанымымен өмір сүретіндер көп болса, ел экономикасы жанданып, дамудың дара жолына түсер еді. Олай дейтініміз, еңбекқор адамдар ешкімге қол жаймайды, мемлекет тарапынан беріліп отырған мүмкіндіктерді ұтымды пайдаланып, өз отбасыларын асырауымен қатар, замандастарының да жұмыс істеуіне жағдай жасауда.

Мемлекет басшысы жастарға өмірдегі өз орнын армия қатарында жүріп табатындай жағдай жасау керектігі туралы да айтқан болатын. Бұл бастаманың бекер еместігіне әскери тәртіпті көріп келгендердің масылдық психологияға салынбай, өмірден өз орындарын тауып жатқаны дәлел.

«Жұмыстың жаманы жоқ, жөнін білсе» демекші, еңбек қашанда адамды төзімділікке баулиды. Өкінішке қарай, бірден байып кетуді

мақсат етіп, сол пиғылмен несиеге бату немесе өзгелерді алдау арқылы жеңіл жолмен күн көруді қалайтындар азаймай тұр. Олардың көбісі жалақының аздығын сылтау етіп, құр бекерге сенделіп жүр. Сондықтан, жақсылық, жетістік атаулының тек адал еңбекпен ғана келетінін отбасында ұғындырудың, Абай бабамыздың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген өсиетін кішкентайынан саналарына сіңіріп, еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы зор. Сонда ғана қоғамды мемлекеттің көмегімен немесе айналасындағы өзге адамдардың есебінен күн көргісі келетіндерден, яғни, масылдық санадағылардан арылта аламыз.

Қай ғасырда да, қандай кезеңдерде де елді құдіретті күшке айналдырған еңбек екенін дәріптей білгенде ғана тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры нығайып, болашағымыз жарқын болады.

**Д.БАЛЫҚОВ,**  
Наурызбай аудандық сотының судьясы  
Алматы қаласы

# ДЕР КЕЗІНДЕ ШАҒЫМДАНУ АЛАЯҚТЫҚТЫ АЗАЙТАДЫ

Қазіргі таңда алаяқтық азаймай тұр. Құқықтық сауатты көтеру бағытында қаншама іс-шаралар қолға алынып, түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілгенімен, алаяққа алданатындар қатары кемімей келеді. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында, сайттар мен әлеуметтік желілерде алаяқтардың халықты алдауда қолданатын тәсілдері туралы ақпарат үнемі жазылып, көрсетіліп тұрады. Бірақ, құқық қорғау органдарына түсетін шағымдар мен бұқаралық ақпарат бетінде көмек сұраған хаттар азаматтардың ескертуге құлақ аспайтынын, өзгелердің қателігінен сабақ алмайтынын көрсетеді.

Алаяқтықтың кең таралуына түрткі болатын бірінші себеп азаматтардың құқықтық сауатының төмендігі десек, екінші себеп жеңіл жолмен табыс табуға құмарлық. Ал алаяқтардың жазасыз қалуына көбіне-көп азаматтардың қылмыс туралы дер кезінде құзырлы органдарды хабардар етпеуі, көмекті жан-жағынан сұрап уақытты босқа өткізіп алуы ықпал етеді. Әсіресе, интернет-алаяқтардан зардап шеккендер мұндай жағдаймен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, прокуратура органы алаяқтықтан сақтандыру жолын ғана көрсетіп қоймай, алаяқтарға алданған кезде

кімге, қайда хабарласу керектігін айтып, жол көрсетуді тұрақты қолға алып келеді.

Бірінші кезекте жәбірленушілер алаяққа алданғанын білген сәтте бірден тұрғылықты жері бойынша орналасқан полиция бөлімшесіне хабарласып, өтініш беруі қажет. Ішкі істер органдары алаяқтық фактілері бойынша өтініштермен жұмыс істеу өкілеттігіне ие. Бұл өтініште жәбірленушінің аты-жөні, паспорттық деректері, тіркеу мекенжайы, байланыс телефоны; болған жағдайдың сипаттамасы: алаяқтық әрекеттердің күні, уақыты, орны, сондай-ақ жәбір-

ленушінің алдануына әкелген әрекеттердің мәні; өтініш жасалған күн және өтініш берушінің қолы қамтылуы керек. Егер интернет-алаяқтықтың құрбаны болған жағдайда полициямен қатар, банк операторына хабарласып, қолма-қол ақша қозғалысына байланысты барлық банктік карталарды, шоттарды және операцияларды бұғаттау маңызды.

Бұған қоса, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу комитеті (ҚСЖА-ЕК) ақпараттық сервистерінің Qamqog (qamqog.gov.kz) деп аталатын жеке порталы жұмыс істейді. Осы порталдың көмегімен азаматтар мемлекеттік органдарға өтініштер беруге, полицияға арыз беруге және олардың мәртебесін бақылауға, арызы бойынша қандай шаралар атқарылғанын білуге мүмкіндік алады.

Qamqog порталынан көмек алу үшін ЭЦҚ болуы тиіс. Мұнда авторизация мен өтініш берудің әр әдісі бойынша қадамдық нұсқаулықтар берілген. Сервис 5 қадамнан тұрады – авторизация, қылмыстық қудалау органын таңдау, жеке деректерді көрсету, шағымның өзін сипаттау

және өтініштің жай-күйі туралы хабарлама алу. Өтініштің жай-күйін тексеру үшін жеке қызметті пайдалану қажет. Онда өтініш беру кезінде қалыптастырылған талонның 14 немесе 15 таңбалы нөмірін көрсету керек. Өтінішті тіркеу туралы ақпаратты талон алғаннан кейін 24 сағат өткен соң көруге болады.

Тәжірибе көрсеткендей, кей кезде полиция қызметкерлері салғырттықтан, кәсіби білігінің төмендігінен өтініш қабылдаудан бас тартып жатады. Ондай жағдайда алдымен Ішкі істер министрлігінің, Полиция департаментінің сенім телефондарына хабарласып, шағым келтіруге болады. Немесе прокуратураға хабарласу керек. Полиция өтінішті қабылдаса, қылмысты ашу бойынша әрекет етпесе, прокуратураға шағымдану – әр азаматтың құқығы. Өтінішті Egov.kz арқылы да жіберуге болады. Прокуратураға заттай дәлелдемелерді ұсынудың керекі жоқ. Тек шағымның қысқаша мазмұнын, талон нөмірін, полиция бөлімшесін көрсету жеткілікті.

**Ермұхамед НАСУРЛА,**  
ҚР Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің Алматы қаласы  
бойынша департаментінің  
прокуроры



## ОҢ ҚАДАМ

Биыл шілде айынан бастап Астанадағы Министрліктер үйінде Азаматтарды қабылдау орталығы өз жұмысын бастады.

# АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Орталықтың негізгі міндеттерінің бірі – мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылының жаңа ортасын құру. Ал оның жұмысының негізгі қағидаттары – клиентке бағдарлану, өтініш берушілерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыру және жалпы осы салаға жаңа стандарттарды енгізу.

Орталық базасына келушілер өздеріне ыңғайлы жағдайда кез келген мемлекеттік органға өтінішін бере алады, сондай-ақ, ХҚКО-ға ұқсас түрлі ведомстволар өкілдерінен, медиаторлар және заң мамандарынан кеңес ала алады. Сонымен қатар, мұнда азаматтар мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының жеке қабылдауына жазылу мүмкіндігіне ие болады.

Орталық алаңында апта сайын 18 министрліктің өкілдері азаматтарды

құқықтарының басымдығын қамтамасыз ететін және өтініштерді қарау кезінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтуді көздейтін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілген болатын. Одан кейін өңірлерде өтініштердің қаралуын бақылау бойынша бөлімдер жұмыс істей бастады, әкімшілік соттар жүйесі құрылып, eOtinish бірыңғай ақпараттық жүйесі және т. б. іске қосылды.

Жаңа орталықтың базасында цифрлық ХҚКО іске қосылды, ол арқылы онлайн режимінде 1220 мемлекеттік қызмет түрін алуға болады.

Орталықта ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында, қылмыстық іс жүргізу немесе азаматтық іс жүргізу заңнамасында қарау



жеке қабылдайды. Кесте Үкімет сайтында алдын ала жарияланатын болады. Бұл ретте өңірлердің тұрғындарына елордаға арнайы келудің қажеті жоқ, өйткені оларды онлайн-форматта да қабылдау жүргізіледі.

Орталықтың құрылуы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен қолға алынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі ауқымды жұмыстың жалғасы екенін айта кеткен жөн. Бұған дейін бұл үдеріс шеңберінде өтініш берушілер

тәртібі белгіленген өтініштер қабылданбайтынын атап өткен жөн. Бұл мәселелер бойынша азаматтар тиісті құқық қорғау немесе сот органдарының фронт-офистеріне жүгінуі тиіс.

Тұтастай алғанда, кешенді тәсіл жаңа орталықты мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың және жұртшылықтың ең өзекті мәселелер төңірегіндегі өзара іс-қимылы жолға қойылған әрі сұранысқа ие диалог алаңына айналдырады деп күтілуде.

**Б. ҚУАНДЫҚ**

## АЙМАҚ

Маңғыстаулық кәсіпкерлер тұңғыш рет халықаралық ірімшік байқауында Қазақстанның намысын қорғамақ.

Түпқараған ауданындағы «Жеті лақ» фермасының негізін қалаушы Кобзевтер отбасы ешкі мен түйе сүтінен ірімшік өнімдерін шығарумен айналысады. Биыл олар Mondial du fromage–2023 халықаралық ірімшік байқауына қатысады. Ерекше атап өтетін жайт, бұл халықаралық конкурста Қазақстаннан үміткерлер бұрын соңды қатыспаған. Осы жөнінде және ірімшік өндірісінің мүмкіндіктері туралы кәсіпкерлер өңір басшысы Нұрлан Ноғабек Түпқараған ауданына жұмыс сапары кезінде айтып берді.

Маңғыстау «Жеті лақ» фермасы Le mondial du fromage–2023 халықаралық ірімшік байқауында Қазақстанның өнімдерін таныстырады. Бұл қазақстандықтардың конкурс ұйымдастырушыларынан аккредитация алған алғашқы жағдай.

2020 жылдан бастап жұмыс істейтін «Жеті лақ» фермасы Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр ауылында орналасқан. Кәсіпкерлер пастерленген ешкі сүтін, йогурт, айран, сүзбе, қаймақ және ірімшіктің 12 түрін шығарады.

Кобзевтер отбасы айына 3,5 тонна ешкі сүтін өндіреді. Ферма



10 га жерді алып жатыр, оның төрт гектары ешкі өсіруге арналса, қалған аймақта жем-шөп қоймасы мен сүт өңдеу цехы орналасқан.

– Биыл біз өндірісті дамытуға бағытталған қайтарымсыз 5 млн теңгеге грант ұтып алдық. Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» бағдарламаларының қатысушысы. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын өз ақшаңа дамыту өте қиын, осы тұрғыда мемлекет ауыл шаруашылығы өндірушілеріне көңіл бөліп, қолдау көрсетіп отырғаны қуантады. Биылғы жылы біз үшін маңызды оқиға Mondial du fromage–2023 халықаралық ірімшік байқауына қатысу. Онда біз өз өнімдерімізді таныстырамыз. Айта кету керек,

# ІРІМШІК - ОТАНДЫҚ ЭКСПОРТТЫ ДАМУТУДЫҢ НЕГІЗГІ ДРАЙВЕРІ



еліміз тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан алғаш рет әлемдік ірімшік жасаушылар байқауына өз өнімдерін ұсынатын болады, – деді ірімшік дайындаушы Александр Григолова.

Өңір басшысы Нұрлан Ноғабек

кәсіпорынның жетістігі мен Маңғыстау ірімшік өндірушілерінің әлеуеті зор екенін атап өтті.

– Маңғыстауда өндірілетін қазақстандық ірімшіктер жақын арада отандық экспортты дамытудың негізгі драйвері бола алады. Сіздің халықаралық деңгейдегі байқауда елімізді таныстыру мүмкіндігіне ие болғаныңыз қуантады. Сізге сәттілік тілей отыра, кәсіпкерлердің бастамаларын қолдауға әрқашан дайын екенімізді айтып келеді – деп атап өтті Нұрлан Ноғабек.

Француздық Le Mondial du fromage байқауы қыркүйек айының 10-12 аралығында Тур қаласында өтеді. Еуропада өтетін бұл халықаралық іс-шара сүт өнімдерін шығарушы кәсіпкерлердің өз өнімдерін ұсына алатын жоғары деңгейдегі алаң болып табылады.

**Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ**



(Соңы. Басы 1-бетте)

ТАЗА ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ КҮРЕСТЕН БАСТАЛАДЫ

Жаңа стратегиялық құжат сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, ол үшін жауапкершіліктің жоғарылауын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбірінен өзгертуге бағдарланған. Оны дайындау кезінде азаматтардың пікірлері мен БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында бекітілген, сондай-ақ, ГРЕКО, ЭЫДҰ, ФАТФ және басқа да беделді халықаралық ұйымдардың ұсынымдарында көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар ескерілген болатын.

## ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

2022 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндамаға қарағанда бағынышты адамдардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін 6 мемлекеттік саяси қызметшінің отставкасы қабылданды. 211 мемлекеттік қызметші және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының 26 жұмыскері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

7 983 нормативтік құқықтық актінің жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді. Оның ішінде 109 (1,4%) заң жобалары; 2 954 (37%) ОМО заңға тәуелді актілері, 4 920 (61,6%) ЖАО бар. Сыбайлас жемқорлықтың 17 170 тәуекелі анықталды. Қабылданған нормативтік құқықтық актілерде ескерілген ұсынымдардың үлесі 55,4 пайызды құрады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы 226 мониторинг жүргізілді. Мемлекеттік органдарға 844 ұсыныс әзірленіп енгізілді, оның 579-ы іске асырылды. Агенттіктің мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) саласындағы мониторинг нәтижелері бойынша Ұлттық экономика министрлігіне жіберген ұсыныстары ескерілді, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңға түзетулер енгізілді. Мемлекеттік және жекешелік әріптестер арасында тәуекелдерді теңгерімделген бөлуді қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік қоса қаржыландыру шегі – инвестициялардың болжамды мөлшерінің 30 пайыздан аспайтын мөлшерінде заңнамалық актімен белгіленді.

МЖӘ-нің жаңа қағидаты – ақпараттың айқындығы мен қолжетімділігі қағидаты енгізілді, ол бірыңғай ақпараттық жүйеде МЖӘ шартының негізгі баптарын және ол бойынша экономикалық қорытындыны ашық қолжетімділікте орналастыруды көздейді. Мәселен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің автожолдар салу және жөндеу саласындағы



мониторинг нәтижелері бойынша ұсынысы негізінде, әкімдіктер жолдардың орташа жөндеуінде 268,1 млн теңге сомасындағы негізсіз шығындарды алып тастады. Тұрғын үй қатынастары саласындағы тұрғын үй берудің барлық сатысында мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды: кезекте тұрғандарды есепке алу мен түгендеуді автоматтандырудың төмен деңгейі, мемлекеттік тұрғын үй қорын басқарудың айқын болмауы және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігінің «бұлыңғырлығы» белгілі болды. Агенттіктің күшімен кезекте негізсіз тұрған 8 мыңнан астам адам есептен шығарылды. 125 азаматтың, оның ішінде әлеуметтік тұрғыда осал санаттағы адамдардың құқықтары қалпына келтірілді. Жалға алу қарыздары және жекешелендірудің негізсіз төмендетілген қалдық құны бойынша бюджетке түспеген 87 млн теңге өндіріп алынды.

СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ  
САНЫ АРТҚАН

2022 жылы құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар тіркеген сыбайлас жемқорлық қылмыстары қайтадан ұлғайды (1724). Оның саны 2018 жылы – 2375, 2019 жылы – 2245, 2020 жылы – 2193, 2021 жылы – 1557 болған еді. Егер

сыбайлас жемқорлық қылмыстың ең көп таралған түрлеріне көз жүгіртсе болсақ 2021–2022 жылдары алаяқтық 160-тан 311-ге өскен. Ал пара беру 568-ден 549-ға, пара алу 449-дан 446-ға, лауазымды өкілеттіктерді теріс пайдалдану 123-тен 110-ға, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе ысырап ету 119-дан 87-ге азайған.

Бытыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін 725 адам сотталды (2021 жылы 892 адам). Олардың ішінде: ішкі істер органдарының қызметкерлері (жұмыскерлері) – 187 (207), әкімдік қызметкерлері – 143 (145), әкімдер – 7(5), Қаржы министрлігі – 40 (34), Ауыл шаруашылығы министрлігі – 18 (19), Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі – 14(5), Денсаулық сақтау министрлігі – 5(16), Төтенше жағдайлар министрлігі – 5 (5), экономикалық тергеу қызметі – 5 (4), прокуратура – 5 (3), сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет – 5 (2) адам, судьялар – 2 (3) және де басқа тұлғалар бар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 1118 сыбайлас жемқорлық қылмысты тіркеді, 1016 адам әшкереленді. Қылмыстық схемалардың және жоғары лауазымды адамдардың қатысуымен болған сыбайлас жемқорлық «пирамидаларының» жолын кесуге баса назар аудару нәтижесінде, ауыр және аса ауыр

қылмыстарды анықтау өсімі 13 пайызды (733-тен 827-ге дейін) құрады.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қозғайтын сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін 115 лауазымды тұлға әшкереленді. 73 лауазымды тұлға сотталды, шенеуніктердің озбырлығынан 106 кәсіпкердің құқығы қорғалды.

Сотқа дейінгі аяқталған тергеулер бойынша өтелген залал сомасы 108 млрд теңгені құрады. Агенттік 653 млрд теңгеге жуық сомадағы мүлтік активтер мен ақшалай қаражатты қайтаруды қамтамасыз етті. Сотқа жіберілген және ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған әрбір қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен заң бұзушылықтарды жою туралы жүз пайыз ұсыныс енгізу қамтамасыз етілді (867 ұсыным, 665 лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 314 басшы). Сыбайлас жемқорлық қылмыс туралы хабарлағаны үшін 134 адамға 40,6 млн теңге сомасында сыйақы төленді, 7 мемлекеттік қызметші грамотамен марапатталды. 2022 жылы 83 адам іздестірілді. Қабылданған шаралар бойынша олардың саны 59-ға дейін азайды. Елдің шегінен тыс жерде 6 адам ұсталды, олардың біреуі 11 жылдан астам іздеуде болған.

«ARTSPORT» ЖОБАСЫ  
ҮЛКЕН РЕЗОНАНС  
ТУҒЫЗДЫ

Үйірмелер мен секцияларды мемлекеттік қаржыландыру жолымен, бұқаралық балалар спорты мен шығармашылығын дамытуға бағытталған «ArtSport» жобасы шеңберінде анықталған сыбайлас жемқорлық схемалары қоғамда үлкен резонанс тудырды. Жан басына шаққандағы қаржыландыруға 43 млрд теңге бөлінді (2021 жылы – 5,8 млрд теңге, 2022 жылы – 37 млрд теңге). Бағдарламаны іске асырудың қысқа мерзімі ішінде 11 адамға қатысты 19 қылмыстық іс тіркелді. 6 адам сотқа берілді, оның төртеуі сотталды, бесеуіне қатысты – қылмыстық қудалау ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері іс жүзінде бюджет қаражатын игерудің барлық кезеңінде анықталды. Мониторинг жүргізу сәтінде қаржыландыру көлемінің болжамы болмады. Бюджеттің мерзімінен бұрын игерілуіне байланысты, жобаны іске асыру екі рет үзілді. Сондай-ақ, «ArtSport» электрондық платформасында құжаттарды беру және сабаққа қатысуды есепке алуды цифрландырудың жеткіліксіздігі анықталды. Жүйенің шалағайлығы «өмірде жоқ» жандарды енгізуге мүмкіндік береді. Одан басқа, ата-аналар балалардың спорт секциясын немесе шығармашылық үйірмесін ауыстырғысы келетін кезде, оларда ваучерді алмастыру мүмкіндігі жоқ. Сабақтарды таңдаудың икемсіздігі және білім беру бағыттары бойынша қойылатын шектеулер ата-аналар мен жабдықтаушының арасында сабақ түрін ауыстыру және жалған актілерге қол қою бойынша сөз байласуға әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамдық дерт. Онымен күрес тек ресми органдардың жауапкершілігіндегі міндет емес. Біз жемқорлыққа қарсы сана идеясын балаға жас кезінен сіңіру бағытында көңіл көншітерлік жұмыстар атқарып жатқан жоқпыз. Жемқорлықтың не екенін, оның жазасы ауыр, салдары ұрпағына қиын сабақ болатынын кез келген адам жас кезінен түсініп өсуі тиіс. Бұл жерде жалпақ статистикадан гөрі нақты әрекет, нақты күрес қана маңызды.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## БАСТАМА



Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Әбдиев ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мәселелерін жиі қозғап, оларға әуебилеттерге жеңілдік қарастыру керек екенін өзінің депутаттық сауалдарында көтерген еді.

«FlyArystan» компаниясы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін (1 топ) және бір еріп жүруші адамға Қазақстан бойынша әуе билеттеріне 50% жеңілдік ұсынады.

«Менің алғашқы депутаттық сауалымның бірі мүгедектігі бар жандарға әуебилеттерінде жеңілдіктер болмауына байланысты болды. Осы мәселе бойынша Парламент қабырғасында тақырыптық отырыс ұйымдастырдым. Оған мемлекеттік органдар мен әуекомпаниялардың өкілдері қатысты. Әуетасымалдаушылардың бірі «FlyArystan» мүмкіндігі шектеулі жандарға жеңілдіктер жарияла-

ды», – деп жазды Ерлан Әбдиев өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Айта кетейік, еліміз бойынша «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында қоғамдық нысандарға мониторинг жүргізілуде. Жобаның мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту және олар үшін кедергісіз орта құру.

Сондай-ақ, партияның сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы 5 жылда мүмкіндігі шектеулі жандарға берілетін жәрдемақы мөлшерін арттыру, мүгедектікті растау рәсімін жеңілдету, сондай-ақ, әлеуметтік қызметтер порталының жұмысын қайта форматтау жоспарлануда. Сонымен қатар, аутизмді бар балаларға арналған орталықтар, мүгедектік қаупін азайту үшін патологияны ерте анықтау орталықтары және аудандық деңгейде оңалту орталықтары ашылатын болады.

**Т. ЖАНПЕЙІС**

## БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ

ЖЕКЕ БАҚШАЛАРҒА  
ЗАҢСЫЗ ТЕКСЕРІС  
ЖАСАҒАН


Білім бөлімдері Кәсіпкерлік кодексте белгіленген тәртіпті сақтамай, тиісті бұйрық шығармай, оны құқықтық статистика органдарында тіркемей тексерулер жүргізген. Бұл мәселе Солтүстік Қазақстан облысының 18 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарына да қатысты.

Аудандар мен қалалардың білім бөлімдері мен жеке балабақшалар арасында шарттар жасасу кезінде кәсіпкерлерге тексеру іс-шараларын жүргізген құқық беретін шарттың 4-тармағы енгізілген.

Алайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомствосы тапсырыс берушілер, яғни білім бөлімдері тарапынан шарттың 4-тармағына сәйкес ҚР Кәсіпкерлік кодексі нормаларының талаптарына қайшы келетін, сондай-ақ, 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін ШОБ тексерулерін жүргізуге мораторий жарияланғанына қарамай, өзіне бақылау және қадағалау органдарының функцияларын тағайындағанын ескертеді.

Облыстың білім басқармасы басшылығының қатысуымен диалог алаңын өткізгеннен кейін 4-тармақты тиісті шарттардан алып тастау туралы шешім қабылданды.

**Өз тілшіміз**



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Алтынгүл НАЗАРКУЛОВА,  
Темір аудандық сотының төрағасы:

# «ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕУДЕН БАСТАЛАДЫ»

– Алтынгүл Бақытқызы, сот билігі, сот төрелігі мен сотты құрметтеу тақырыбы әлі де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Бұл мәселеге қатысты қоғамның сауаты мен бәлкілігін қалай бағалайсыз?

– ҚР Конституциясының 75-бабына сәйкес, Қазақстанда сот төрелігі тек сотпен ғана жүзеге асырылады. Сот билігі сот ісін жүргізу барысында азаматтық, қылмыстық және басқа да заңмен бекітілген іс жүргізу нормалары арқылы жұмыс атқарады. Мемлекет басшысы соттардың алдына азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру және сот істерін қарау сапасын көтеру міндеттерін қойды. Осы міндеттерді іске асыру үшін процеске қатысушылардың сотқа қатысу тәртібін реттеу мен сотқа және процеске қатысушыларға құрметпен қарау мәселесінің маңызды екендігін кез келген азамат сезінуге тиіс.

Азаматтық іс жүргізу және әкімшілік заңнамасы сот отырысы залында тәртіпті сақтау мақсатында, оның ішінде сот билігінің бөделіне нұқсан келтірмеу мақсатында сот қолдануы мүмкін шараларды қарастырады.

– Осы шараларға ерекше тоқтала кетсеңіз.

– «Қазақстандағы сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 9-тармағында, сотқа құрметтеушілік білдіргені үшін, егер онда басқа арнайы құқық бұзушылық немесе қылмыс белгісі болмаса, кінәлілер ӘҚБтК-нің 653-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады, соған сәйкес сотты құрметтеушілікті айқын көрсететін кез келген әрекет (әрекетсіздік) сот немесе сотта белгіленген сот ережелерін құрметтеушілік деп танылады.

Сот төрелігін жүзеге асыру барысында заңдылық, судьялардың тәуелсіздігі, заң және сот алдында барлық тараптардың теңдігі сақталады, бұл шарттың барлығы жариялылық қағидаларына негізделген.

– Мемлекеттік сот институттарына қандай өкілет иелері жатады?

– ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 33-тармағындағы 653,675-баптарда бұл мәселе қарастырылған. Онда мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтардың қол сұғу объектілері мен құқықбұзушылықтың құрамдары біріктірілген. Осы тарауда оның объектілеріне сот төрелігі (соттардың қызметі), қорғаушының заңды қызметі, прокурор, тергеуші, сот приставы, сот орындаушысы жатады. «Сот жүйесі мен ҚР судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 1-бабының 3-тармағына сәйкес, сотқа немесе судьяға құрметтеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот төрелігін іске асырудың мақсаты – сот мәжілісінің қатысушыларынан, сондай-ақ, сот мәжілісі залында қатысып отырған барлық азаматтардан сот мәжілісінің белгіленген

тәртіптерін қатаң сақтауды талап етеді. Бұл сот мәжілісі барысында іскерлік жағдайды қалыптастырып, сот төрелігін жүзеге асыру барысында процессуалдық іс әрекеттердің дәйектілігін және мақсаттылығын қалыптастыру қажеттілігімен негізделген.

– Бұл заңдылықтар бұзылған жағдайда тәртіп бұзушы қалай жазаланды?

– Сот істі қарау, оның ішінде бейнебаиланыс (онлайн) режимінде қарау кезінде тәртіпті бұзу немесе сотты құрметтеушілік болған жағдайда тікелей осы сот отырысында өзінің қаулысымен (ұйғарымымен) адамға ҚР Әкімшілік рәсімдік процесілік кодексінің 18-тармағында, АПК-нің 188-бабында, ҚПК-нің 346-бабында көзделген процесілік мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша сот талқылауы барысында процеске қатысып отырған адамның тарапынан сотқа құрмет көрсетпеу фактісі анықталған кезде сот ӘҚБтК-нің 684-бабының үшінші бөлігіне сәйкес кінәлі адамды ӘҚБтК-нің 653-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартуға құқылы. Сот мұндай әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауды тиісінше АПК-нің 120-бабында немесе ҚПК-нің 346-бабының бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізеді.

Төрағалық етуші сот отырысында тиісті тәртіпті қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолданады. Сот отырысында тәртіпті сақтау жөніндегі талаптар іске қатысатын барлық тұлғалар және олардың өкілдері, мамандар, сарапшылар, аудармашылар үшін, сондай-ақ, сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар үшін міндетті. Осы кодекстің 188-бабында көзделгендей, істі талқылау кезінде тәртіпті бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасайды.

Тәртіпті қайталап бұзған жағдайда іске қатысатын адам сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымы бойынша сот талқылауының барлық уақытына немесе оның бір бөлігіне сот отырысы залынан шығарып жіберілуі мүмкін. Төрағалық етуші соңғы жағдайда сот отырысы залына қайта жіберілген адамды ол болмаған кезде жасалған процесілік әрекеттермен таныстырады. Сот отырысы залына қайта оралған адамдар олар болмаған кезде зерттелген мән-жайлар бойынша түсініктеме беруге және іске қатысатын басқа адамдарға сұрақтар қоюға құқылы.

Іске қатыспауы барысында оған қатысушы залында қатысып отырған адамдар қайталап тәртіп бұзғаны үшін төрағалық етушінің өкімімен отырыс залынан шығарып жіберіледі.

Іскі талқылау барысында оған қатысушылар жаппай тәртіп бұзған жағдайда сот іске қатыспайтын адамдардың барлығын сот отырысы залынан шығарып жіберуі және істі жабық отырыста қарауы немесе істі талқылауды кейінге қалдыруы мүмкін. Істі жабық сот отырысында қарау және шешу туралы ұйғарым шығарылады, ол сот отырысының



хаттамасына енгізіледі.

Процеске қатысушы тұлға тарапынан тікелей сот талқылауы барысында сотты құрметтеу фактісі анықталған кезде сот кінәлі адамға осы кодекстің 120-бабында белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Төрағалық етушімен іс бойынша сот мәжілісі барысында іс жүргізу заңының барлық талаптарын орындау және сот мәжілісін ілтипатты басқаруды жүзеге асыру, іс бойынша мән-жайларды анықтау және шындықты анықтау ғана емес, сонымен қатар, сот мәжілісіне тәрбиелік мән беріледі. Сот мәжілісінде тәртіпті бұзу болып, сотқа және төрағалық етушінің талаптарын орындамау, сот мәжілісінің қалыпты өткізілуіне кедергі жасау сияқты іс әрекеттер сотты сыйламаушылық деп қабылданады. Олардың арасында сот отырысының ережесін бұзған іс-әрекеттері, сондай-ақ, сот мәжілісінің қатысушыларының ерсі қылықтары болып есептеледі.

Осы бапқа сәйкес, процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан байқалған сотты құрметтеушілік, сондай-ақ, сотты және судьяны құрметтеушілік туралы анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) – сотқа анық құрметтеушілік көрсететін және сотта бекітілген тәртіптерге бағынбау ескерту, айыппұл немесе әкімшілік қамалуға әкеп соғады. Кінәлі адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін негізгі талап ретінде, сот мәжілісінің хаттамасында жасалған ерсі іс әрекеттері үшін оған судья тарапынан жасалған ескерту көрсетілуі міндетті. ҚР Жоғарғы Сотының «ҚР сот жүйесі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулының 10-тармағында көрсетілгендей қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сот мәжілісі барысында сот мәжілісінің залында қоғамдық тәртіпті бұзған немесе сотты құрметтемеген жағдайда, сот

мәжілісі барысында кінәлі адамға қатысты қаулы шығарып, әкімшілік заңнамаға сәйкес, жауаптылыққа тартуға құқығы бар екендігіне судьялардың назарын аударған.

– Сотты құрметтемеуге байланысты статистикалардан мысал келтіре аласыз ба?

– 2022 жылы облыс бойынша жоғарыда аталған істер санатымен 17 әкімшілік іс келіп түскен, (Әйтеке би-1, Алға-1, Байғанин-1, Ырғыз-2, Қарғалы-4, Мұғалжар-1, Шалқар аудандық соты-2, МАӘС-5), олардың ішінен қаулы шығарылып 12 (жалпы түскен істердің ішінен 70,58% құрады) әкімшілік іс қаралды. Статистикалық есептерге қарағанда аталған істер санаты бойынша ең көп істер саны түскен мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты – 5, немесе 29,4%, Қарғалы аудандық соты – 4, немесе 23,5%.

Қаулы шығарумен аяқталған істердің 11 ісі бойынша азаматтарға ескерту берілсе, 1 іс бойынша қамаққа алу жазасы қолданылған.

Негізінде көп жағдайларда кінәлі адамдарға қатысты жаза ретінде ескерту жазасы қолданылатыны туралы айтып кеткен жөн. Бұл жерде дәлелді себептерсіз сот мәжілісіне келмегендігі үшін тараптарға уақытылы және айқын шешімдер қолданып, оларды әкімшілік жауаптылыққа тартудағы Қарғалы аудандық соттың оң тәжірибесін атап өткен жөн.

2023 жылдың 3 айында Мұғалжар аудандық сотына – 1 іс, Ойыл аудандық сотына – 1 іс, МАӘС–1 іс аталған санат бойынша үш іс келіп түсіп, қаралған. Аталған істер қаулы шығарумен аяқталған, оларға 1 ескерту, 1 айыппұл, 1 қамаққа алу жазасы қолданылған. Мәселен, Мұғалжар аудандық сотының 2023 жылғы 19 қаңтардағы қаулысына сәйкес, Н.Қуатбай ҚР ҚК-нің 106-бабының 2-бөлігінің 7-тармағымен айыпталушы, Е.Зинеш қылмыстық ісі бойынша жәбірленуші ретінде танылған. Іс бойынша тағайындалған сот отырыстарына, яғни 27.10.2022 жылы, 14.11.2022 жылы, 08.12.2022 жылы арнайы өзіне хабарланғанына қарамастан сот отырыстарына дәлелді себептерсіз келмей, өзінің іс әрекеттері арқылы сотқа құрметтеушілік білдірген.

Н. Қуатбай осы себепті ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 61 260 теңге әкімшілік айыппұл салынған.

Жалпы, қорыта келгенде, бірінші сатыдағы сотпен ӘҚБтК-тің 653-бабының талаптарын дұрыс қолданылууда. Облыс соттарында ӘҚБтК-тің 653-бабы сәйкес қаралатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері бойынша бірыңғай практика қалыптасқан деуге болады.

Заң сот мәжілісін сотқа мемлекет сот билігінің институты ретінде құрметтеуді талап етеді. Сот мәжілісі қатысушыларының тарапынан немесе басқа да тұлғалардан, мекемелер мен кәсіпорындардың басшыларынан сотқа қатысты нақты құрметтеушілік фактілері назардан тыс қалмай тиісті шаралар қолдану қажет. Құқықтық мәдениет барлық адамдарды сот мәжілісі барысында ережелердің сақталуын, сотты және басқа да қатысушыларды құрметтеуге міндеттейді. Тек осындай түрде ғана, азаматтардың сот мәжілісіндегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастырып, сот жүйесін құрметтеуге тәрбиелеуге болады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп келе жатыр. Ол мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле, Қазыбек, Әйтеке және тағы да басқа біртуар билер мен шешен-

## ЖЕМҚОРЛЫҚ ДӘРІ БЕРІП ЕМДЕЙТІН СЫРҚАТ ЕМЕС



дердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта ел дамуына қарамастан әлемнің барлық елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да өмір сүруді жалғастыруда. Сыбайлас жемқорлықпен

күресу бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Осы дерттің одан

әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Сонымен қатар, сыбайлас

жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмыстары қажет. Жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына деген сенімін нығайтады.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дерт. Бұған бәріміз атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

А. ИМАНБЕКОВА  
Мұғалжар аудандық  
сот әкімшісінің басшысы

СҰХБАТ

**Айкүміс БАЙНАЗАРОВА,**  
Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Сыпатай ауылы, №16 «ЖОББМ-ның» педагог-психологы:



(Соңы. Басы 1-бетте)

**– Бұл пилоттық жоба аса қолдау таппай тұр деп жатырсыз. Қазіргі таңда осы мәселе бойынша мектептерде қандай жұмыстар атқарылууда?**

– Менің ойымша балалармен жұмыс жасаған кезде барлық әсер етуші фактор маңызды. Жасөспірімдер арасындағы суицид себептері әртүрлі. Отбасының әлеуметтік жағдайы, жауапсыз махаббат, ата-анасымен келіспеушілік, қатарластары, сыныптастары тарапынан қабылдамауы, түсінісе алмауы, жаңа ортаға бейімделе алмауы т.с.с. Балада жасөспірімдік шақта кездесетін қиындықтарды дер кезінде байқап, танып көмек көрсете алу үшін ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру керек секілді. Мектептерде ата-аналарға аптасына 1 сағат арнайы сабақ жүргізілсе. Яғни, баламен қарым-қатынас құру мәдениеті талқыланса, ақпарат берілсе. Олай дейтін себебім, оқушылармен әңгімелесу барысында «Ол мені түсінбейді» дегенді көп естідім. Әрине ата-аналар мектепте түрлі тақырыптар бойынша ата-аналар жиналысына, тренингтерге, басқа да іс-шараларға қатысады. Алайда, қазіргі жасөспірімдер арасындағы суицид статистикасын ескерсек бұл жеткіліксіз. Осыған алдағы уақытта назарды баса аударсақ дұрыс болар еді. Ата-ана балаға қамқоршы, оны тығырықтан шығарушы.

Ал жасалып жатқан шараларға келсек, тренингтер, дәрістер өткіземіз. Психолог маман ретінде біз балаға өмірдің жарқын, татымды екенін ұғындырудың алдын алу шараларын жасаймыз. Арнайы бейне-роликтерді көрсетіп, сабақтар өтеміз. Мектепте жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу бойынша сынып жетекшілерімен, әлеуметтік педагогпен, мектептің тәрбие жөніндегі орынбасарларымен қатар жұмыс атқарамыз. Балаға қиындық туса кімге жүгіну керек екенін, жалпы кез келген мәселені қалай шешу турасында бағыт-бағдар беріледі. Оның үстіне оқу жылы барысында «Психологиялық кеңес беру айлығы», білім алушылардың психологиялық жағдайын нығайтуға бағытталған күзгі, көктемгі айлықтар өтеді. Жалпы, оқу жылы барысында жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу мақсатында диагностикалау, профилактика және психологиялық ағарту, түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Оқушылармен, ата-аналармен етене жұмыс жасаудамыз.

– Сұхбатыңызға рақмет

# «ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ БАР»

## Өткеннен сабақ



## БӘРИНЕ УАҚЫТ ЕМШІ

**ЖАНАР, бірінші кейіпкер**

Мен 10 – сыныпта оқып жүрген кезде, ата-анамның арасында ажырасу туралы әңгімелер шыққан болатын. Әке-шешем ажырасса, біздің жайымыз не болады деген ой басымнан кетпейтін. Мектепте де әртүрлі мәселелер болды. Ақыр аяғы, бұның бәрі суицидтік ойға алып келді. Бір күні қолыма дәрі-дәрмек жиып, ішіп алдым. Бірақ тек қатты ұйықтағаным болмаса, айтарлықтай әсері болмады. Келесі күні дозаны көбейттім... Өз-өзіме қол жұмсағым келмейтінін сол кезде ұғындым. Бүгіндері еске алсам, сол кезде тек отбасым бөлінбей, бақытты болсақ деген мақсатта қолымнан келер қайран болмағаннан жасаған әрекетім екен. Әрине, өзімді осылай қинасам іштегі жара жазылар деген ой болған болар, бірақ ол ойымның қате екенін уақыт өте келе түсіндім. Мен бұл мәселе бүгінгі таңда өзекті болғаннан кейін бөліскім келді. Ешқашан мәселені бұл жолмен шешуге тырыспаңыздар, бәріне уақыт емші, бұл сәт те өтеді, кетеді. Тек басқа салған сынақ, мен бұдан да өтем деп сеніңіздер дегім келеді.

## АҚЫМАҚ БОЛЫПШЫН...

**ТАЛАПБЕК, екінші кейіпкер**

Шамамен 14-15 жастағы бозбаламын. Әлеуметтік желі енді-енді шығып жатқан кезең. Көбіне «В контакте» желісінде отыратынбыз. Бір кездері, естеріңізде болса «Синий кит» атты ойын пайда болды. Оны біреулер «Тихий дом», «Рина» деп атайтын. Мектепте бәрі сол турасында айтатын. Баламыз, бәрі қызық, менде жаздым, осылайша бұл оқиға басталды. Басында «таңғы 4:20-да мені оят» деген оңай тапсырма берді. Кейін күрделі тапсырмалар жүктей бастады, «қолыңды пышақпен тіліп, киттің суретін сал», «шашыңды кесіп өрте» деген сынды. Орындамасан тұратын жеріңді білеміз, барамыз деп

қорқытатын. Әрине бұрын ондай дүние көрмегесін, қорқасың, қорыққаннан орындайсың. Солай-солай соңғы тапсырмаға да келдім. Ол тапсырма келесідей болды: «көп қабатты үйдің үстінен секір, секірмес бұрын жоғарыдан төменге қарап тұрған суретіңді желіге жүкте» деген. Қорыққанымды көрсеніздер, психологиялық түрде сынып қалдым, тапсырманы орындамақта болдым. Бірақ мектепте осыған ұқсас жайттар жиілеп кеткеннен кейін психологтар жұмыс жүргізе бастаған. Көптеген бейне роликтер көрдім, материалдарды оқыдым, психологпен сөйлестім, сауатым ашылды. Осылайша мамандардың арқасында бұның бәрі өтірік дүние екенін толық түсіндім. Қазір еске алсам әрине

күлкім келеді. Кейде өз-өзіме сұрақ қоятынмын, «қалай мен экранның артында отырған адамның қорқытуына иландым, неге өзіме қол салғым келді?», – деп. Жауабы қарапайым екен, ойымды айтар адам болмапты. Ешкім жан-дүниеме үңілмепті, қылығымның өзгергенін көрсе де ешкім себебін сұрамапты, тіпті ата-анам да. Не дегенмен өтті-кетті, бұл енді өзіме бір жағынан өмірлік сабақ. Жақында отбасын құрмақпын, әрине балам дүниеге келсе, онымен әрқашан ашыла, бетпе-бет әңгіме айтуды әдетке айналдырамын. Мені сол кезде сәттердің қиылысы құтқарып қалды. Енді бұндай жағдайдың орын алуына жол бермеуге тырысамын. Өзгелерге де бұл жағдай сабақ болса екен деймін.

**P.S Құрметті оқырман, өздеріңізге барынша мәселенің өзектілігін жеткізуге тырыстық. «Жаны саудың – тәні сау» демекші, іштен тынғанды, именгенді қойып мәселенің ашық айтып үйреніңіз. «Ауруын жасырған өледі» – деген халық даналығы бекер айтылмаған. Берілген ақпарат, кейіпкерлер оқиғасы күрделі мәселенің шешімін таппай жүрген көпке сабақ болсын.**

Нұрбол ЖЫЛЫС

КӨКЕЙКЕСТІ

# МАСЫЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІ ДАМЫТПАЙДЫ

Бүгінгі күні елімізде банкроттық туралы заңның күшіне енуіне орай жаппай несиеден кешіруді сұрағандардың саны артып барады. Тіпті, статистика еліміздегі әрбір екінші борышкер несиеден төлеуден жалтаруға тырысып отырғанын байқатып отыр. Яғни, лажы болса қолымен алған несиеден мойнымен көтеруге тырыспайтын, масылдық психологияға бой алдыртқандардың көбеюі қоғам дерті деуге болады.

Өйткені, банкроттық ол несиеден кешіру емес, керісінше азаматтардың жауапкершілігін арттыру. Бұл тұрғыда халқымыздың бойындағы масылдықпен күресу қажеттігін анық сезінеміз. Осы мәселеге алаңдаған ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің жолдауында көтерген болатын. «Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі. Алайда, қоғамда патернализмді көңіл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алууда. Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әлі де жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес. Мұндай адамдар кез келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек. Осындай жағдайлар мемлекеттен ала берсем

деген көзқарас қалыптастырды» деген Президенттің сөзі көп нәрсені аңғартады.

Расында да азаматтардың жағдайы келмей тұрса да қымбат телефон алып немесе мүмкіндігіне қарамастан несие алып, той жасап, кейін оны кешіруді талап етуі масылдықтың қоғамымызда анық бар екенін аңғартады. Түптеп келгенде, мұндай жағымсыз тенденцияның кесірінен көмекке шынымен мұқтаж адамдар әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатады. Мұны да ескерген Мемлекет басшысы: «Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор. Бірақ оның да шегі бар. Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады. Мұндай жалынсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады. Сондықтан бізге түбегейлі өзгеріс керек. Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруі тиіс. Әлеуметтік кодексте осындай мәселелерге барынша назар аудару керек», – деді. Демек алдағы уақытта Әлеуметтік кодекс көп нәрсені жіліктеп, қоғамымыздағы әлеуметтік жағдайы



төмен жандардың қамқорлықсыз қалмауына ықпал етеді деген үміт зор. Әлеуметтік масылдыққа бой алдырған жалынсыз өмір салты жас ұрпақтың тәрбиесіне де кері әсер етіп жатыр. Сондықтан мәселені дәл қазір шешкен абзал. Мәселеге орай пікірін білдірген экономист Жанұзақ Әкім «халықтың шамадан тыс несие алуын

азайту үшін тұтынушылық несие беруді реттеуді қатаңдату жөніндегі шаралар кешені де іске асырылууда. Яғни, мәселені жан жақты қарастырып жатырмыз. Атап өтер жайт, дамыған елдердің өмір сүру ұзақтығы жоғары болады. Біздегі орташа өмір сүру ұзақтығы – 67 жас. Жапонияда, Еуропа елдерінде – 87-88 жас. Бізден 20 жасқа ұзақ. Еңбек өнімділігі де 8-10 есеге дейін жоғары. Олар зейнетке шығып алса да, қоғамға пайдалы іспен айналысуға тырысады. Бізге осы психология керек. Біз неге артта қалдық? Неге масыл болып қалдық? Осыған әркім өзінше жауап беруі керек. Қазір бәсекелестік заманы. Басқаның бәрін тастау керек. Осыдан 5 ғасыр бұрын атамыз пәлен-түген болған дегенді қою қажет. Әркім өз-өзіне жауап беру керек. Өмірінде не істеді, не істей алады, қандай мақсат қойды? Жалпы қоғамның дамуы осыған байланысты. Жаңа Қазақстанда барлығын жаңаша бастауымыз керек. Моральдік деңгейі төмен халық ешқандай мақсатқа жетпейді. Осыны түсінуіміз керек.

Қуаныш ЕРМЕКОВА

КЕЛБЕТ

# КӨРКЕМ МІНЕЗДІ КЕМЕЛ АДАМ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Құмарғалиұлы Мекебаев алпыстың асқарына шығып отыр.**

Адам мінезінің қалай қалыптасатындығын, оның тұлғаға қалай айналатындығын, болашағының қалай айқындалғанын білуге бола ма? Мүмкін, солай болар. Талғат Құмарғалиұлы Мекебаев көркем мінездің иесі, ерекше қабілет пен табиғи тазалығының арқасында елге сыйлы, білім-білігінің арқасында көпшілікке құрметті. Т.Құмарғалиұлы Алматы облысының Сарқан ауданындағы шағын Лепсі стансасында дүниеге келді. Ол өзінің өмірлік қағидаттарының отбасында қаланғандығын әрдайым айтып отырады. Анасы Әсия Нұрмұхамбетқызы, әкесі Құмарғали Мекебайұлы отбасындағы жеті ұлдың ешқайсысын ата-ананың мейірім шуағынан кенде қылмады. Талғат Құмарғалиұлы – шаңырағымыздың береке-құты Әсия әжем еді, ол кісі немерелеріне адамгершілік, иман, мейірім, әділдік жайлы үнемі айтып, ел және жер тарихымен таныстырып отыратын дейді.

Талғат Мекебаев туған жеріне жиі барып тұрады. Оның тыныс-тіршілігіне бейжай қарамайды. Туған жерін қатты құрметтейді, ол білім алған алтын ұясын бір сәтке есінен шығарған емес. Бүгінде Талғат Құмарғалиұлы Сарқан ауданының «Құрметті азаматы».

1985 жылы Талғат Мекебаев Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсті. Студент Мекебаев үшін бұл уақыт тек оқумен ғана шектелген жоқ. Ол ортада белсенді болып, жедел комсомол жасағын басқарды. Бокспен айналысып, 2-разряд алды. 1986–1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысқаны үшін 2018 жылы Ресейдің «Игілік,

абырой мен даңқ» орденімен марапатталды.

Жұбайы Айшамен ширек ғасыр бірге өмір сүріп, екі ұл тәрбиеледі, бүгінде сүйікті немерелерінің ортасында.

1990 жылы Талғат Құмарғалиұлы ҚазҰУ-дың тарих факультетін үздік бітіріп, Қазақстанның жаңа және қазіргі тарихы кафедрасына ассистент болып қабылданды. Ғылыми жұмыстармен белсенді айналысты. 1996 жылы «Қазақстандағы Уақытша үкіметтің билік органдарының қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Бұл жұмыс бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Т. Мекебаев шығарған оқулықтар мен оқу құралдары қазіргі студенттер мен жас ғалымдар тарапынан сұранысқа ие. 2020 жылдың шілдесінде Т.Мекебаевқа қауымдастырылған профессор атағы берілді. Тарих ғылымы саласындағы еңбегі үшін Қазақстан тарихшылары қауымдастығының атынан Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу құрметіне орай естелік медалымен және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Тарих факультетінде Талғат Құмарғалиұлы алдымен оқытушы болып жұмыс істеді, кейін деканның орынбасары, содан кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де бірінші проректордың орынбасары қызметіне ауысып, оқу жөніндегі проректордың көмекшісі болды. Сонымен қатар, Т. Мекебаев қандай лауазымдарды атқарса да, оқытушылық және ғылыми ізденістерін тастамады, әрдайым студенттермен қарым-қатынас жасауға, қазіргі жастар өмірімен біте-қайнасуға тырысты. 2019 жылғы 24 мамырда Қазақстан Жоғары Мектебінің, Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. 2020 жылы университеттің үздік оқытушысы атанды. Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен және «ҚР Білім және педагогика ғылымы саласындағы



ерекше еңбегі үшін» Ыбырай Алтынсарин атындағы медальмен марапатталды.

2011 жылдың ақпан айынан бастап Талғат Құмарғалиұлы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы.

«Парасат» кәсіподақ қоғамдық бірлестігі Т. Мекебаевтың басшылығымен қызметкерлердің еңбегін жақсартуға, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қамтамасыз етуге, еңбек дауларын шешуге, кәсіподақ мүшелеріне заңгерлік, материалдық және басқа да қаржылық көмек көрсетуге белсене қатысты. Жаңадан жасалған ұжымдық шарт шеңберінде қызметкерлерді әлеуметтік қорғау туралы заңнама нормаларын іске асыру, жетекші үкіметтік емес ұйымдармен, өңірлік және салалық кәсіподақтар бірлестігімен диалог алаңдарын ұйымдастыру міндеті қойылады. Сонымен қатар, ұжымдық шартта кәсіподақта

азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы, еңбек ардагерлері туралы, жұмыскерлердің еңбегін әлеуметтік қорғау туралы тиісті актілерін әзірлеуге қатысуы туралы ережелер қамтылған. Мұнда университеттің заң факультеті кәсіподақ комитетіне үлкен көмек көрсетеді. Кәсіподақ пен факультет түрлі мемлекеттік бағдарламалық құжаттарды, оның ішінде елдің әлеуметтік даму тұжырымдамасын іске асыруға қатысады,

Т.Мекебаевтың келуімен университетте қосалқы оқу қызметкерлері арасында «Мамандығы бойынша үздік» байқаулары өткізіле бастады, жұмыскерлердің балалары оқу төлемі үшін жеңілдіктер ала бастады, әкімшілік басқару, оқу тәрбие, ұйымдастыру қызметкерлерінің жылсайынғы еңбек демалысы 28 күнтізбелік күннен бастап 35 күнге дейін ұзартылды.

Сондай-ақ, кәсіподақ төрағасының жұмысы Қазақстан кәсіподақтар федерациясының «Кәсіподақ ардагері» төсбелгісімен, «Парасат», «Құрмет» медалімен марапатталды. 2021 жылдың желтоқсан айында Т. Мекебаев университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген еңбегі үшін» күміс медалімен марапатталды.


Ұжымды Кәсіподақтар күнімен құттықтаған ҚазҰУ ректоры Ж.Түймебаев ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының қазіргі уақытта басшылық пен ұжым арасындағы алтын көпір ретінде қызмет ететіндігін, кәсіподақ мүшелерінің құқығын қорғайтындығын және игі мақсаттарда жұмыс жасайтындығын, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндігін, кәсіподақ мүшелеріне лайықты көмек пен әлеуметтік кепілдіктер беретіндігін ерекше ілтипатпен атап өтті. Кәсіподақ төрағасы Т.Мекебаевтың осы үдерістегі орнының өте маңызды екендігіне баса назар аударды.

**С.ТЫНЫБЕКОВ,**  
з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультетінің кафедра меңгерушісі

**О.ЛОЖНИКОВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің аға оқытушысы

КИЕ

## ҰЛТТЫҢ КҮШІ - ТІЛІНДЕ



Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз бір белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы соның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай міндет емес, себебі ол тіл сол мемлекет иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт деп білемін. Әр елдің өзінің өнер, әдебиет, мәдениетте, баспасөз, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс-қағаздар т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы қажет. Демек, қоғамның да мемлекеттік тілге үлесі басым, әрі оны бастаушы ең алғы шарт деп білемін.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Түптеп келгенде, ол өңірдің, елдің ұлттық қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылығы мен интеллектуалды даму мәселесі де. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі, Туы, Елтаңбасы, Әнұраны сияқты рәмізі. Ол – азаматтық патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншіліктің негізі бола отырып, ел азаматтарын біріктіретін күш. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйтық, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу халықтың, оның тарихын, тұрмысы мен әдеп-ғұрпын және салт-дәстүрін терең тануға жол ашады. Басқаларға ұлттық мемлекет ретінде танылғаны келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз керек. Тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны

белгілі. Тілін жоғалтып, артынан өздері ұлт ретінде жоғалып кеткен халықтар қаншама.

Мемлекеттік тіл – сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесі деп те сезіне алмайды. Тарихтан да белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші мемлекеттік тілдің мәселесін шешеді. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Күшті ұлт болу үшін күшті мәдениет қалыптасуы керек.

**Альмира УОМДАСОВА,**  
Орал қаласының мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің жетекші маманы

ИНКЛЮЗИВ

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында еліміздің түкпір-түкпірінде мониторинг жұмысы жүргізіліп жатыр. Мұндағы мақсат – ерекше қажеттілігі бар жандардың өмір сапасын арттыру және оларға қолайлы орта қалыптастыру.

## «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА АРНАЛАДЫ

Мәселен, елордада мониторинг тобы «City» емханасында және Балаларды оңалту ұлттық орталығында болды.

«Ерекше қажеттілігі бар жандардың кез келген жерге кедергісіз кіріп-шығуы – аса маңызды мәселе. Өкінішке қарай, кіре берістегі қолайсыздыққа байланысты ескерту алған мекемелер де бар. Біз бәрін анықтап, тиісті органдарға арнайы хат жібереміз», – деді партияның Астана қалалық филиалындағы «Кедергісіз келешек» жобасының жетекшісі Бәзілхан Әбдіғани.

Тексеру барысында мониторинг тобы бірқатар кемшілікті анықтап, ескерту жасады. Сондай-ақ, оны жою бойынша ұсыныс-пікір қалдырды.

Ал партияның Жамбыл облыстық филиалы жанынан құрылған жұмыс тобы алдымен облыстық сот ғимаратына барып, пандустардың бар-жоғын анықтады. Бұған қоса, арнайы аяқпен немесе таяқпен сезілетін тактильді рельефті бағыттаушы жолақтардың, зағиптарға арналған оқу тақталарының, автотұрақтағы сары бояумен сызылған арнайы орындардың, ғимарат ішіндегі арнайы әжетхананың және пандустағы дабыл түймесінің болуы назарға алынды.

«Біз мониторинг жүргізген нысандардың басым бөлігі талапқа сай жабықталған. Бұл – аталған жоба аясында жылдар бойы атқарылып келе жатқан жұмыстың нәтижесі. Жыл соңына дейін Тараз қаласы мен аудандарда 259 нысанды бейімдеу жоспарланған. Олардың барлығы «AMANAT»-тың назарында болады», – деді партияның Жамбыл облыстық филиалы Са-

яси жұмыс бөлімінің меңгерушісі Берік Телеушов.

Бұл жұмыс облыс орталығындағы «КМФ банк», «Отбасы банк», N2 қалалық емхана, «Болашақ» колледжінде де жалғасты. Мониторинг тобы мүмкіндігі шектеулі жандардың ғимаратқа емін-еркін кіріп шығуына жағдай жасалуын және мекемедегі санитарлық-тұрмыстық орынның талапқа сай келуін назарға алды.

Абай облысында құрамына партия мүшелері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, кәсіпкерлер енген мониторинг тобы Семей

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының Абай облысы бойынша 2023 – 2027 жылдарға арналған бағдарламасында ерекше қажеттілігі бар адамдарды қамқорлыққа алуға, олардың өмір сүру жағдайын жақсартуға көңіл бөлінген. Алдағы уақытта аймақта мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта қалыптастыруға көп күш салынып, тың бастамалар қолға алынады.

Ал партияның Ақмола облыстық филиалының мониторинг тобы Көкшетау қаласындағы орта білім беретін мекемелерді аралап, жыл соңына дейін бейімделетін нысандардың қазіргі



қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалған жағдаймен танысты.

«Бірқатар мекеме басшысына ескерту жасалды. Орын алған олқылықтар тез арада ретке келтіріледі. Оны мониторинг тобы бақылауға алады. Былтыр Семейдегі 53 нысанға тексеру жүргізілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасады», – деді партияның облыстық филиал қызметкері Саят Қайрқанов.

жай-күйін бақылады. Мониторинг барысында ғимараттар мен оған іргелес аумақтар ерекше қажеттілігі бар адамдарға қаншалықты қолайлы екеніне мән берілді. Биыл облыста партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында 192 нысанды бейімдеу жоспарланып отыр. Оның 23-і – облыс орталығында орналасқан.

Өз тілшіміз

# РУХАНИ ТІРЕГІМІЗ



де орыс тілі немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады делінген. Сонымен қатар іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі әрдайым бақылауда, ресми құжаттар тек қана мемлекеттік тілде, ал аудармасы ғана орыс тілінде жазылады.

Сотқа келіп түскен талап арыздардың орыс тілінде түсуі, ол жергілікті халықтың этникалық құрамына байланысты, соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істердің санына әсер етеді.

Қазақ тілі ол біздің анамыздың тілі, рухани тірегіміз, сондықтан да мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – бізге парыз.

Мемлекеттік тілді жетік біліп қана қоймай, мемлекеттік тілдегі сот актілерінің сапасына көңіл бөлу қажет, соған байланысты қазақ тілін үйрену курстары ашылып, онда сот мамандары мемлекеттік тілді үйренуде. Бұл курстарға судьялар да қатысуда.

**Айбек ТАШАНОВ,**  
Ақсуат аудандық сотының судьясы,  
БАҚ бойынша үйлестіруші

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік тіліміз барлық мемлекеттік мекемелерде және қоғамымызда жаңа деңгейде пайдаланыла бастады.

«ҚР Тіл туралы» заңы мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Осы заңның 4-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып саналады.

Мемлекеттік тілдің қолданылуына кедергі келтірілсе, онда осы заңның 7-бабына сәйкес, Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстанның заңдарына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

«Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 нормативтік қаулысы қабылданып, бұл қаулыда сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз

етудің құқықтық кепілі болып табылады делінген.

ҚР Азаматтық процесілік кодексінің 14-бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Сот істі сот талқылауына дайындау сатысында талап қоюшының (арыз берушінің) талап арыз берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтауға тиіс. Сот талап қоюшыдан тиісті жазбаша өтінішхат түскен жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді ұйғарым шығарады. Тараптардың тең құқылығы қағидатын ескере отырып, сот осы мәселе бойынша жауапкердің де пікірін анықтауға міндетті.

Қылмыстық-процестік кодекстің (ҚПК) 30-бабында Қазақстанда қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізілетіндігі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылатыны көрсетілген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қылмыстық процесі жүргізетін орган (лауазымды тұлға) күдіктіге (айыпталушыға) оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде қорғаушының көмегіне жүгіну құқығын түсіндіруге тиіс деп көрсетілген.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 738-бабының талаптарына сәйкес Қазақстанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Ал қажет болған кезде іс жүргізу-

## ТАРАТУ

7. «TAS-media2013» ЖШС, БСН 130240026393, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Панфилов көшесі, 53 үй. Тел.: 87051339579.

8. «Дайверы Казахстана» қоғамдық бірлестігі, БСН 080440000593, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр кенті, Тауғұл ықшам-ауданы, 13 үй. Тел.: 87014343643.

9. «Business Development Group Telematics (Бизнес Девелопмент Груп Телематикс)» ЖШС, БСН 171140032909, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев, 32 үй, оф. 211. Тел.: 87272730012, 87772616161.

10. «Enerpro Supply» ЖШС, БСН 131040020062, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, «Самал-2» ықшамауданы, 41 үй, 37 пәтер. Тел.: 87012328280.

12. «Отырар құс» ЖШС, БСН 200940018767, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан қаласы, Тоған көшесі, 71 үй. Тел.: 87016391773. Бекбергенов Сержан.

16. «Тамды1» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі. БСН 180140016064, өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. Шағымдар болған жағдайда жарияланған күннен бастап 2 ай мерзімде төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Сырым ауданы, Тамды ауылы, Ж.Досқараев көшесі, 5 үй.

17. «Бауш Хелс» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы Өкілдігі, БСН 130242014241, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қажымұқан көшесі, 22/5 үй.

6. «Шахтинсктеплоэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130640005593 (бұдан әрі - Серіктестік), серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып табылатын «Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жарғылық капиталды 899 833 491,73 теңгеге дейін азайту жайлы шешім қабылдағаны туралы хабарлайды (Шахтинск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі №9-07/8 05 2023 жылғы шілде). Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Индустриальная көшесі, 38/6. Байланыс телефондары: 8(72156)39047, 8(72156)39051 (факс), электрондық пошта: shahtinskaya\_tec@mail.ru.

## ӘРТҮРЛІ

2. «Qazyna SN plus» ЖШС, БСН 230540025941, Қостанай олысы, Денисов ауданы, Денисовка ауылы, Өндірістік аймақ-1, құрылыс 1 мекенжайында орналасқан астық сақтау қоймасының мүлдіктік кешенін иеліктен шығаратыны туралы хабарлайды.

5. «MyCar Finance» МҚҰ» ЖШС заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Серіктестіктің жаңа мекенжайы: «Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 34 үй, 16-02 офис, 17-02, 050060. Банктік деректемелері мен телефон нөмірлері өзгермеді.

14. «Nurodora» мектеп-лицейі» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172695037, 87172695058.

13. «K Research Central Asia» ЖШС, БСН 970840003083, өзінен жаңадан құрылған «K RESEARCH MANAGEMENT» ЖШС-нің бөлініп шығуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17/1, «Нурлы-Тау» БО, блок 5Б, 9 қабат, кеңсе үй-жайы №18, тел.: 347-05-03.

15. Орал қаласының №2 сотына Орал қаласы, Миханов көшесі, 36 мекенжайында тұратын Ирина Михайловна Гвоздковадан 06.08.1952 жылы туған Любовь Юрьевна Перепелкины қайтыс болды деп жариялау туралы өтініш түсті. Қыз кезіндегі тегі – Гаврилова. Туған жері – Орал қаласы. Перепелкина (Гвоздкова) Любовь Юрьевнаның тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарға ақпаратты жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде сотқа хабарлауды сұраймыз.

## ЖОҒАЛТУ

4. «KEL INTER TOUR» ЖШС, БСН 160340001327, ұйымының 15.07.2023 жылы жоғалған мөрі жарамсыз деп саналсын.

## 3. «ҚАЗАҚСТАН АВТОРЛАР ҚОҒАМЫ» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарландыру

«Қазақстан Авторлар қоғамы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің авторлық кеңесінің мүшелері қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 24 сәуірдегі жұмысын жалғастыратынын хабарлайды.

Қосымша жалпы жиналыстың өткізілетін күні – 2023 жылғы 10 тамыз.

### КҮН ТӘРТІБІ

1. Қоғамның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
  2. Бас директорды сайлау.
- Жалпы жиналысты өткізу нысаны – аралас: күндізгі, сырттай және қашықтықтан.
- Өтетін орны – Алматы қ., Қазақстан Жазушылар Одағы, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105.
- Тіркеудің басталуы 14:00
- Жиналыстың басталуы 15:00
- Жалпы жиналыстың сайлау тізіміне енгізілген қоғам мүшесі дауыс беру құқығымен «Қазақстан Авторлар қоғамы» РҚБ-ның сайлаушысы болып табылады.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Круцкая көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктік жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшіов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawk\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Койкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 8701268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-2268-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

«Massoffee 3 in 1» шай және кофе сусындарын шығаратын сингапурлық брендпен танымал «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС ресми түрде «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА қатысушысы мәртебесін алды. Компания құны 6,7 млрд теңгені құрайтын жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта жалпы ауданы 10 гектар жер телімін жобалауға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Мәлімет бойынша, компания Панфилов ауданының тұрғындары үшін 250 жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр.

## МАССОФФЕЕ ЕНДІ «ҚОРҒАС-ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ» АУМАҒЫНДА ӨНДІРІЛЕДІ

Олар бірінші кезеңде дайын өнімді Қазақстанның ішкі нарығына жеткізеді. Одан кейін Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркіменстан, Грузия, Армения, Тәжікстан нарықтарына экспорттау жоспарлануда. Алдын ала мәлімет бойынша, кәсіпорын ай сайын 50 контейнер дайын өнім беретін болады.

«Food Empire Holdings Ltd» бас директоры Судип Наирдың айтуынша, арнайы экономикалық аймақ аумағында өндірісті оқшаулау бірқатар экономикалық артықшылықтар береді. Жергілікті шикізатты, жұмыс күшін және инфрақұрылымды қосу логистика, көлік және импорт шығындарын азайтады. Сондай-ақ, өндірісті дамытуды қолдау және инвестиция тарту үшін Қазақстан билігінің салықтық жеңілдіктерін немесе басқа да ынталандыруларды қолдануға болады.

Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономикалардың бірі және тұтыну нарығын дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Осыған байланысты, кофе сусындарына және онымен байланысты өнімдерге, мысалы, 3-п-1 кофе және шай сусындарына сұраныстың өсуі нарыққа шығуға және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік жасайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, Қазақстанға қаңтар айында ғана 3,3 мың тонна шай, 340 тоннаға жуық кофе импортталған. Яғни, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, шай 1,8 есе, кофе 1,7 есе ұлғайған. Қазақстанға шай негізінен Үндістан, Кения, Ресей және Қытайдан, ал кофе Ресей, Италия, Бразилия, Германиядан әкелінеді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАЙҚАУҒА!

**БӨГЕТ АСТЫНДАҒЫ МҮРДЕ**

Айназар адам өлімі орын алған жерге келгенде мүрде бөгет астында шалқасынан жатты. Басында жүрген криминалистердің айтуынша өлгеніне біраз уақыт болған. Қатты құлағанда басын бөгет астында жатқан үлкен қиыршық тасқа соғып, қарақұсын ойып жіберген.

Учаскелік полиция инспекторы өлген жігіт мас болып жүріп құлап, жантәсілім еткен деген пікірде. Жазым болу аяқ астында, дегенмен де Айназар өлікті мұқият зерделеп қарады. Аузынан арақ иісі мұңқиді. Неге екені белгісіз санасында сансыз сұрақ туындады. Себебі, өліктің бас жағында жайыла аққан қан көрінбейді. Адам басы жарылса қан көп кететінін бұл біледі. Қанды қатырып тастайтындей күнде қатты аяз да жоқ. Бас сүйегінің сынғаны көрініп тұр? Ендеше, қан қайда?

Екіншіден, үлкен болғанымен қиыршық тас қатпаған. Оңай қозғалады. Оны өлікті көтергенде байқады. Марқұм қалай құласа да басымен мынадай үлкен тасты жылжытуы мүмкін емес. Бұл жерде көптен жатқан тас болса бірнеше рет қор жауып, еріген қармен бірге қалай қатып қалмаған? Үсті неге таза? Ұйықитын топырақ жан-жағын бітемей қалай ашық жатыр? Жігіт оған басын соққан бойда келмеске аттанып кетті ме екен? Тайып құлайтындай жер тайғақ та емес. Тас биік емес, жалпақ. Сонда шалқалап барып құлап, қалайша қатты соққы алуға болады? Масықпен құлағанда да жерге әуелі денесі тиеді емес пе? Бұл соққыны бәсеңсітпей ме?

Осы және басқа да сұрақтар көңіл көгін торлаған Айназар өлікті алып кеткеннен кейін бөгет маңында тұратын адамдармен сөйлесіп, мән-жағдайға қанықпанды жөн санады. Алдымен бөгет астынан табылған мүрде жайлы полиция бөлімі бастығымен сөйлесті. Қолында дерегі болмаса да кісі қолынан жазым болған деген күдігін де жайып салды. Басшы бұл қылмысты ізін суытпай ашуды тапсырды.

Жаға жай бойындағы тұрғындардың біреуі түн ортасында автокөлік дауысын, бөгет астында біреулердің құмыға шыққан үнін естіген. Содан кейін ұйқысын бұзбас үшін басындағы жастығымен құлағын жауып алған.

Не айтқандарын анық естімеді. Далаға неге шығамын, ұрлап кететін малым жоқ. Аула ішіндегі ескі-құсқыны ұры қайтсін? Екі алюминий бөшке бар еді. Оны бағғыда қолды қылды, – деді сұхбаттасы.

Сіз бағана бөгет астында жатқан тасты көрдіңіз. Ол сол жерде көптен бар ма? Елде бөгет басына шықпайсыз ба?

Тас ол жерде бұрын болған жоқ. Бірақ, бөгеттің астына кез келген нәрсені тастай салатындар көп қой. Өр суынан қорғайтын бөгетті салғанда қамыс, құм, саз қолданылды. Шынын айтсам, соңғы екі күнде тұмаурауып, үйден шығып жарытпадым. Мүмкін сол уақытта әкеліп тастамаса. Ол марқұм ішіп келе жатып, денесіне ие бола алмай шалқасынан түскен болар. Байғұстын маңдайына солай өлу жазылған шығар.

Айназар біраз әңгімелескеннен кейін полиция бөліміне бет алды. Бір күннен соң өлген жігіт Бәттеннің елу шақырым жерде орналасқан ауылдың тұрғыны екені анықталды. Еш жерде жұмыс жасамайды. Басбұзарлығы бар. Бір рет үш жылға сотталып, темір тордың арғы жағына отырып қайтқан.

Оған қатысты сараптама нәтижесі де қолына тиді. Инспектор кісі қолынан өлген деп күдіктенгенде қателеспеді. Басының ойылған

тұсы мен тасқа тиген жерінің мөлшері сәйкес келмейді. Үшкір темірмен зақымдалғаны анықталып отыр. Қарақұсынан соғуы немесе кеудесінен тиген әлдебір күшті соққының салдарынан шалқасынан түскенде үшкір нәрсеге басымен құлауы да мүмкін. Соққы тигенінің дәлелі – төсі тұсында аздап көгерген жер бар. Қарақұсының зақым алған тұсында қатқан қаннан дәке тіннің қалдығы алынған. Сірә, дәкемен аққан қанды тоқтатпақ болса керек. Осының бәрі бөгет астында құлап өлмегенінің айғағы.

Полиция инспекторы марқұмды үйде өлтіріп, бөгеттің етегіне әкеліп тастаған деген тоқтамға келді. Бөгет астында өлтірсе, қанды дәкемен тоқтатамын деп әуреге түспейді. Жанжалдасып қалып, кездейсоқ өлтіріп алып, ізін жасыру үшін солай еткендері анық. Қылмыскер қатты мас болса, олай ете алмайды. Түн ортасында бөгеттің астында жүрген кімдер? Далада отырып арақ ішетін жаз мезгілі болса бір жөн.

Өлген жігіттің осында Шымхат, Назар, Жастаң атты әскерде бірге болған үш досы бар екен. Үшеуі де бұрын сотталмаған. Қылмыс жасап полицияға тіркелмеген. Сөйлесіп көріп еді, олар үйлеріне келмегенін жеткізді. Сонда қайда жүрген? Мұнда туыстары жоқ. Көп келмейтіндіктен тұрғындар біле бермейтін көрінеді. Оны ешкім танымаса кіммен кездесуі мүмкін? Әлбетте, жаңағы достарымен! Айназар учаскелік полиция инспекторын ілестіріп оларға тағы бір рет барып шыққанды жөн санады.

– Менің үйіме келсе, әйелім, балаларым көреді ғой. Неге мазамды ала бересіз? Шаруамнан қалдырдыңыз. Келген жоқ деп айттым емес пе сізге? Өзім талай бірге жүрген досымнан айырылып, қайғыдан қан жұтып отырсам, – деді Шымхат.

– Үйіңізге келмегенімен бір жерде отырған шығарсыздар? Басқа баратын жері жоқ. Үшеуіңіздің қайсыңыз болғанда да біреуіңізбен бірге отырғаны анық.

– Анау екеуін білмеймін, мен көргем жоқ.

Марқұмның екінші досымен Айназар басқаша сөйлесті.

– Сіздің алдыңызда әскерде бірге болған досыңызбен сөйлескенде, төртеуіңіз бірге отырып арақ ішкендеріңізді жасырмай айтты. Содан кейін оның үйден шығып кеткенін де жеткізді. Үшеуіңіз мас болған соң іште қалыпсыздар. Ол да қатты мас болған ғой. Бөгеттің астына барып құлап өлген. Шығып кеткенде қасына біреу ілесті ме? Күдіктенетін адамыңыз жоқ па? Неге жалғыз өзін жібердіңіздер? Ренжісіп қалдыңыздар ма? – деп сұрақ жаудырған инспектор алдында отырған адамға барлай қарады. Жастаңның жүзінде абыржу байқалып, сасқалақтап қалғаны, артынаша бойын тез жиып бұрынғы қалпына келгені назарынан тыс қалмады.

– Солай деді ме? Ішкен соң әртүрлі жағдайлар орын алады. Керісіп, кері татуласып жатамыз. Сол түні біздің үйде отырдық. Ол әзілді көтере алмай шығып кетті. Мұны әйелім мен ұлым да растайды. Не үшін ренжігені ойыма қалмапты. Кері оралар деп күткеніміз есімде. Мен үшін орны бөлек азамат еді. Қалай, қашан тарағанымызды ойымда сақтамаппын. Логикалық түрде ойлап қараншы, өзін мас болсам, оның қасындағы адамды қайдан білемін?

– Бірінші кездескенімізде оны мүлдем көрмедім дегенсіз. Енді бірге үйіңізді мойындадыңыз. Аяқ астынан неге өзгердіңіз? Қылмысты жасырудың өзі қылмыс болып саналады.



– Иә, сасқалақтап «көрмедім» дегенім рас. Оны кім өлтіргенін білмеймін! Дәл қазір соттатып жіберсеңіз де айтарым осы!

– Еш кінәңіз болмаса неге сасқалақтайсыз? Ерте ме, кеш пе біз қылмыскерді табамыз, – деді Айназар – Сол кезде сізді де жауапқа тартатын боламыз.

– Сонда мас болып бөгеттің астына барып құлап өлген әлдебіреу үшін, мен сотталамын ба?

– Ол қалайша «әлдебіреу» болады? Жақсы араласатын досыңыз емес пе? Жаңа ғана өзіңіз үшін орны бөлек азамат екенін айтқаныңыз. Оған деген көзқарасыңыз неге өзгеріп кетті?

– Ашу үстінде жай айта салдым ғой.

– Біз қазірдің өзінде оны үйде өлтіріп, тергеуді жаңылдыру үшін бөгеттің астына әкеліп тастағанын біліп отырмыз.

– Жасамаған қылмысты менің мойныма іле алмайсыздар! Оған жол бермеймін, – деді Жастаң.

Айназар оның бір нәрсені жасырып, айтқысы келмей отырғанын жақсы ұқты. Тағы да біраз сұрақтар қойып қақпақылдап көріп еді, «қораға кіре қоймады». Неге шынын айтпайды? Неген қорқады? Әйелі мен ұлы олардың «отырыстарының» бас жағына ғана қатысқан. Содан кейін ұйықтап қалған. Ішкен адамдардың өмірде бітпейтін, таусылмайтын, қайталан беретін әңгімелері мезі етіп жіберген. Айтуларына төртеуі де біраз масанып қалған.

– Жастаңның үйіне Бәтен келген күніп отырғаныңыз, – деді үшінші күдікті Назар – Қуана қарсы алып, төс қағысып, құшақтаса көрістік. Сонда Бәттеннің аузынан арақ иісі мұңқиді тұрғанын байқадым. Онда ішімдік ішкен жоқпыз, саумыз ғой. Демек, бізге келгенге дейін ішкен. Шымхат екеуі әскерде жүргенде де сөзге келіп қала беретін. Артынаша кері татуласатын. Бұл жолы да сөйтті. Бәтен бұл жолы да Шымхатқа өзі тиісіп, кейін оның сөзін көтере алмай ашуланып кетіп қалды. Арғы жағында не болғаны, үйіме қалай жеткенім маған беймәлім. Әйтеуір, қанша ішсем де үйімді тауып барып, шарбағына кіріп құлаймын.

– Менің түсінбей отырғаным, бірінші кездескенде үшеуіңіз бірдей оны көргеніңізді айттыңыздар ғой.

– Ол рас! Солай деп айтуға келіскенбіз. Ішімізден біреуіміз келісімді бұзып, енді міне мазамызды алып жатсыз. Төртеуіміз бірге іштік десек, жауапқа тартылуымыз мүмкін деп қорықтық. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» емес пе? Полицияға қайта-қайта шақыртып, мезі қылғанын кім қалайды? Қылмыскерді таба алмаса істі біреуіміздің мойнымызға іле салуы да мүмкін. Мысалы, сізге есімізді жойғанша ішкенімізді айтып отырмын ғой. Ертең масандықпен өлтіріп алған деуден тайынбассыз.

– Түсінікті, – деді инспектор – Үшеуіңіз де қатты мас болып қалдыңыздар дейік...

– «Дейік», емес, шынымен солай.

– Ендеше Бәтенді өлтірген, бөгеттің астына тастаған кім? Ол жерге бұрын болмаған тасты апарып, соған құлап басын жарып алған деу кімге керек болды? Бұл жөнінде не айтасыз?

– Қайдан білейін? Жаңа ғана отырысқа арақ ішкен күйде келді дедім емес пе? Адам өлді ол – факт. Оны кері тірілте алмаймыз. Бізге келгенге дейін ол кіммен ішт? Кім өлтірді? Мұны табу сіздің міндетіңіз. Сол үшін ақша алып отырсыз.

– Табамыз, ол жағынан қорықпаңыз. Бәтен бөгеттің астында өлмеген. Кеудесінен теуіп құлатқан. Сыртқы киімінде білінер-білінбес аяқ киімнің ізі қалған. Қазір қыс мезгілі. Олай болуы заңды. Соған қарағанда соққы оған аула ішінде берілген. Аяқ киім мөлшерін біз анықтаймыз. Төсінен тиген соққыдан марқұм құлап басымен бір нәрсеге соғылған шығар. Орнынан кері көтерілгенде балғамен немесе балтамен ұруы да мүмкін. Үшеуіңіздің де бұл қылмысқа қатыстарыңыз бар.

– Сіз жасыз, ойлануы, дәлелмен сөйлесіңіз, инспектор! Қандай ауыр жала жауып отырғаныңызды білесіз бе? Сол үшін мен сізді сотқа бере аламын.

– Ол енді конституциялық құқыңыз! Ойлануыңыз, мен тағы да келемін немесе учаскеге шақыртамын.

Инспектор шығып бара жатып, Назардың тұнжыраған күйі жерге қарап отырып қалғанын байқады. Айназар енді Бәтен тұратын ауылға бет бұрды.

\*\*\*

Қарсы алдында отырған орта бойлы қара торы қыз жанарынан әйнекті бойлай аққан жаңбыр тамшыларындай болған көз жасын сүртіп сөзін жалғады.

– Айназар аға! Жақсы болсын, жаман болсын адамға туған бауырынан артық ешкім жоқ. Иә, менің ағамның тентек екені рас! Бірақ, ол жауыз емес. Қанша ішсе де үйдегілерге тиіспейтін. Әскерге дейін қойдан жуас момын жігіт еді. Екі жыл десантта болып келгеннен кейін де жайына жүрді. Ел қатарлы еңбек етті. Сөйтіп жүріп бір қызбен танысты. Бір жылдай бірге жүрген соң, ол қыз басқа біреуге тиіп кетті. Шыны керек, оны күштеп алып қашып кетіп, барған жерінде келін

болып қалды. Артынан ағам іздеп барғанымен қайтпады. Осыдан кейін мінезі өзгерді. Аузына арақ алмайтын адам тойып келетінді шығарды. Төбелесіп, сотталып та келді. Алайда, одан сабақ алмай бұрынғы дағдысынан айрылмады. Анда-санда өзімен бірге әскерде болған Шымхан, Назар, Жастаң атты жігіттерге барып тұратын. Олар бір-екі рет біздің үйде де болды. Бұл жолы да соларға барамын деп осындай жағдайға ұшырап отыр ғой. Әкемізден ерте айырылды. Енді, мына жағдайды естіп анам да төсек тартып жатып қалды. Өтіненім, қылмыскерді тауып жазасын беріңіздер.

– Сіздерге оңай тимей отырғанын жақсы түсінемін, Жәмила! Әрине, табамыз. Жаңа ғана Бәтенді танытын, онымен бірге ішкен жігіттермен сөйлесіп көрдім. Жастаңның үйіне ол масаң күйінде барғанын естіп, кіммен ішті соны анықтағым келген. Сұрастырып қарап едім сол күні оның ішіп жүргенін ешкім көрмеді. Алақандай ауылда мұндай нәрсе жасырын қалмайды ғой. Дүкеншілер де Бәтенмен жолығыспағанын жеткізді. Қашан жолға шықты, қасында кім болды? Бұған жауап таба алмадым. Бірге ішетіндердің ешқайсысы ілеспепті. Таксилерге мінбепті. Елу шақырым жерге қанат байлап ұшып кетпеген шығар? Өйткен жағдайда да біреу көреді ғой.

– Ауылдағылар байқамауы да мүмкін. Бәтен жексенбіге қараған кеште кетті. Телефонмен шақыртып алмаса ол уақытта такси де көп қатынамайды. Кешкі сағат ондар шамасында дос қызымның үйіне келсем ол жоқ. Анам Жастаңның үйіне кеткенін айтты. Соның алдында, дос қызымның үйіне кеткенімде ол сау еді. Сол аралықта қайдан ішіп үлгерді екен?

Қызбен әңгімеден кейін Айназар жұмыс орнына оралды. Инспектордың ойы Жастаңға орала берді. «Кеудесінен теуіп құлатқан, киімінде аяқ киімнің ізі байқалды. Мөлшерін анықтап жатырмыз» деп науамен айта салғанда жалт қарағаны есіне түсті. Алайда, сөйлеуді Шымхаттан бастағанды жөн санады. Учаскелік инспекторды жіберіп шақыртып алды.

– Жастаңның үйінде төртеуіңіздің бірге арақ ішкендеріңіз бізге мәлім, – деді Айназар – Мұны «Бәтенді мүлдем көрген жоқпын», деп өтірік айтпауыңыз үшін еске салып қойып жатырмын.

– Көрмегенім рас. Оның біздің үйге келмегенін әйелім де сізге айтты, – деді Шымхат салмақты үнмен.

– Басында солай деп айтамыз деп келіскендеріңізді мен білемін! Бәттеннің Жастаңның үйінде сіз-

ге тиіскенінен де хабардармын. Жанжалдасып аулаға шыққандарыңызда сіз Бәттеннің кеуде тұсынан тептіңіз. Десантсыз ғой, бір соққыңыз өзі әрең тұрған мас адамды шалқасынан түсірді. Сыртқы киімінде сәл көрініп тұрған аяқ киім ізі, денесінде көгерген жер бар. Ол құлағанда басын аулада тұрған үшкір темірге соғып тіл тартпастан кетті. Сөйтіп, қасақана емес, жанжал үстінде, байқаусызда адам өлтіріп алдыңыз. Мұны Жастаң мен Назар айтып отыр.

Айназарға олар бұлай демеген. Сыр суыртпақтау үшін айтқан жалған сөздері нысанға атқан оқтай дөп тиіп, Шымхатты беймаза күйге түсірді. Жүзі қарауытып, қабағы түйіліп, көзі қанталап кетті. Тістенген күйі басын шайқады. Ашу үстінде еденге шыртып түскірі. Содан кейін инспекторға тіке қараған күйі:

– Сұр жыландар бәрін маған жауып салған екен ғой, – деді дауысы қарлыға шығып – Оларды осы уақытқа дейін дос санап келіп едім. Бәтенді мен өлтірген жоқпын. Тұңдаңыз бәрін айтып берейін. Содан кейін не болғанын түсінесіз.

– Айтыңыз, құлағым сізде. Бірден ескерттім, жалған айтсаңыз жауапқа тартыласыз!

– Жастаңның үйінде Бәтен маған қайта-қайта тиісе берді. Арақ басыма шапқаннан соң мен де оған жауап қайтарып отырдым. Дау насырға шауып аулаға төбелесуге шықтық. Мұндай жағдай арамызда бұған дейін де болған. Бәтен келді деген соң мен сол отырысқа барғанды қаламаған едім. Арақ ішкім келсе дүкеннен де аламын ғой. Жігіттердің көңілін қимадым. Айқай-шуды естіп Жастаңның әйелі ортамызға түсті. Бәтен оны қолынан ұстап бір шетке лақтырды жіберді. Араға түскен Жастаңды да ұрып құлатып, маған бұрылғанда секіріп кеудесінен теуіп үлгердім. Ол шалқалай құлады. Бұған дейін ылғи одан таяқ жейтінмін. Соңынан «Ер шекіспей бекіспейді», деп бір жартылығын алып, кешірім сұрап келетін. Жақсы төбелесетін жігіт қой, атып тұрып мені құлақшекеден ұрып үлгерді. Құлап бара жатып байқағанын, Жастаң үйден алып шыққан балғаны Бәттеннің қарақұсына сермеп қалды. Әйеліне қол жұмсағанына шыдамай кетсе керек. Ол құлап, қансырап жатты. Сонда ғана есімізді жидық. Масықпен не бүлдіргенімізді түсіндік. Аман алып қалуға бар күшімізді салдық. Жастаңның әйелі дәке әкеліп байлап көріп еді, қан тоқтамады. «Жедел жәрдем» шақыруға қорықтық. Сол кезде Назар: «Бөгеттің астына апарып тастайық. Анау тасты алыңдар, ішіп жүріп құлап, соған соғылып басын жарып алған деп ойласын. Ертең адамдар көріп, полицияға хабарлайды. Мүрдеханға апарып, туыстарына табыс етеді», деді. Бәттен осыны жөн көрді. Бақырып жылаған Жастаңның әйелін көндіріп, не айтуды керектігін ескерттік. Басқаша болған жағдайда сотталатынымызды оған жақсылап түсіндірдік. «Ашулы баста ақыл жоқ», деп текке айтпаған. Үндемегенімде бері басқаша болар ма еді. Мен де кінәлімін. Оны мойындаймын.

– Сізбен арадағы әңгіме бейнекамераға жазылды. Учаскелік инспектор да блокнотына түртіп отыр. Оның жазғанын растап қолыңызды қойыңыз. Сосын жаңа айтқандарыңыздың бәрін мына қағазға түсіріңіз, – деді Айназар оған ақ парақты ұсынып.

**Қанат ҒҰМАРОВ**  
Атырау облысы,  
Құрманғазы ауданы,  
Құрманғазы ауылы.

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

<b>Астана</b>	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
<b>Алматы облысы</b>	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
<b>Ақтөбе облысы</b>	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
<b>Атырау облысы</b>	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
<b>Маңғыстау облысы</b>	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
<b>Қызылорда облысы</b>	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
<b>Түркістан облысы</b>	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
<b>Батыс Қазақстан облысы</b>	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zankreklama@zangazet.kz**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5596 дана**  
**Апталық таралым 11 192 дана**  
Тапсырыс №106 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.  
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31